

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы N 1750 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1120 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 8, 63-құжат);

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы ережеде:

1 1 - т а р м а қ т а :

сегізінші абзацта "жылжитын мүлік кепілдігін және" деген сөздерден кейін " қаржы лизингі шарттарын," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру;"

1 2 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"қаржы лизингінің шарттарын тіркеу;"

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында: әдістемелік, нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;

бағалау қызметі субъектілерінің бағалау қызметінің белгіленген әдістемелерін, нормаларын, ережелерін және заңнаманы сақтауын бақылау.";

2) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 маусымдағы N 771 Р990771_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 27, 260-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті туралы ережеде:

10 - тармақта :

1) тармақша "жылжымалы мүліктің кепілін" деген сөздерден кейін "және қаржы лизингінің шарттарын" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру."

11-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2), 7-3), 7-4) тармақшалармен толықтырылсын :

"7-1) өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, бекіту;

7-2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен бағалау қызметі мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

7-3) бағалаушылардың кәсіби даярлауды жүзеге асыратын білім беру мекемелеріне қойылатын талаптардың тізбесін келісу;

7-4) өз құзыреті шегінде бағалау қызметі саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;" .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі